апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№25/513
23 июня 2017 года
газета издается с 26.06.2004 года

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН !
# С ДНЕМ ГОСУДАРСТВЕННОГО СЛУЖАЩЕГО !

## ҚҰРМЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР!

Сіздерді шын жүректен кәсіби мерекелеріңіз – Мемлекеттік қызметші күнімен құттықтаймыз!

Мемлекеттік қызмет – бұл барлық мемлекеттік басқаруды ұйымдастырудағы жетекші рөлді атқаратын мемлекет жүйесінің ең маңызды тетіктерінің бірі. Кез келген қоғам мемлекеттік басқарусыз, яғни мемлекеттік қызметшілерсіз әрекет етуі мүмкін емес.

Мемлекеттік қызмет – халықтың сенімін ақтау, ұлтымыздың абыройын асырып, асқақтату. Әрбір өркениеттің өріне қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер екені белгілі. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – мәртебелі міндет. Мемлекеттік қызметкер – мемлекеттің айнасы.

Қаламыздың әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан алға басуы да көп жағдайда өздеріңіздің жанкешті қызметтеріңіздің жемісіне байланысты. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында ғана еліміз табысы мол, гүлденген мемлекетке айнала алады.

**Қымбатты Әріптестер!**

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік, елімізге тыныштық тілейміз! Отанымыз – Қазақстан Республикасының өсіп-өркендеуі жолындағы қызметтеріңіз жемісті болсын!

***Құрметпен,***

**Қала әкімі Қ.Камзин**
**Қалалық мәслихат хатшысы Б.Сәрсембеков**

## УВАЖАЕМЫЕ ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СЛУЖАЩИЕ!

От всей души поздравляем Вас с профессиональным праздником – Днем государственного служащего!

Государственная служба – это один из важнейших элементов всей государственной системы, которая играет ведущую роль в организации государственного управления. В любом организованном обществе невозможно обойтись без государственного управления, а значит и без государственных служащих.

Учреждение профессионального дня государственного служащего – это еще одна подтверждение той чрезвычайно важной роли, которую играют органы государственной власти и управления.

Сила государства – в его служащих, в их способности и желании поднимать страну, делать ее современной, успешной и безопасной. Нелегкий труд служить народу, каждую минуту помнить, что от вашего вклада в жизнь города зависит степень его развития и уровень благосостояния.

Наш профессионализм выражается в умении свободно мыслить, самостоятельно действовать и брать на себя ответственность.

**Дорогие коллеги!**

От всей души поздравляем Всех коллег с Днем государственного служащего! Крепкого здоровья, счастья, благополучия и пусть всегда ваша работа приносит успех во благо процветания Казахстана и ее граждан.

***С уважением,***

**Аким города К.Камзин**
**Секретарь городского маслихата Б. Сарсембеков**

*Елбасы Жолдауы – халықтың қолдауы*

# ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫНДАҒЫ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТ ИДЕЯСЫНЫҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

«Мәңгілік Ел» идеясында Н.Ә.Назарбаев басты жеті құндылықты атап көрсетті: «Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы. Тәуелсіздік дегеніміз – елдің егемендігі, халықтың бостандығы, сана еркіндігі. Елдің аңсарлы азаттығы, елшілдік-ұлттық санасы, тарихымен қоса, рухани құндылықтары, рухы. Бұл бірнеше ғасырлар бойы халықтың армандаған қасиетті ұғымы. Арман болып жеткен тәуелсіздігімізді, ендігі жерде сақтап қалу біздің халқымыздың ең қасиетті борышы.

Екінші құндылық, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Біздің халқымыз – өзгеге қыспақ көрсетпек түгіл көмекке мұқтаж кез-келген ұлттың өкілін бауырына баса білген дана, мейірімді халық. Қазақ халқы сан ғасырлар бойы егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәттерде бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің дербестігін, тәуелсіздігін сақтап, мемлекеттігін қалпына келтіре алғандығы тарихтан да аян. Сондықтан біздің ең басты мақсатымыз – тату-тәтті ынтымағы жарасқан көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен көркейіп өсуі.

Қасиетті тәуелсіздігімізді – мықтап ұстап тұру. Ел дегенде, жер дегенде – білегін сыбанып, іске дайын тұратын, еліміздің жарқын болашағы үшін күресе білетін, намысты ұрпағымыз болса, қоғамымыздағы ұлттық бірліктің іргесі шайқалмаса, ұлтымыз өз әдет-ғұрпын, таза тілін сақтаса Мәңгілік ел боламыз, бұл – жеңіске жетуіміздің негізгі кепілі. Міне, біздің басты байлығымыз да – осы. Рухы еркін халық қана кез-келген мәселені шеше алады, әлемдік деңгейде өз орнын таба алады. Қазақ халқы өзінің тарихи негізгі ұлттық құндылықтарын өзі де танып, өзгеге де танытып, ұлттық тілін құрметтеп, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелегенде ғана руханияты жоғары, зайырлы қоғам бола алады. Бұл – біздің үшінші құндылығымыз.

Ғасырлар бойы басқыншылық-шапқыншылық, соғыстарға, отарлау езгісіне, әдейі ұйымдастырылған ашаршылық пен босқыншылықтарға, саяси қуғын-сүргіндерге және тағы басқа озбырлықтарға ұшыраса да осы күнге дейін негізгі халықтық-ұлттық ділін сақтаған қазақ ұрпақтарының ұлттық рухта тәрбиеленуі – аса зәру мәселе екендігі айқын сезіледі.

XXI ғасырдағы тәуелсіздік осы ежелден келе жатқан ұлттық идея мен ұлттық идеологияның маңызын арттыра түсті, ұлттық рухымызды асқақтатты. Мәңгілік ел болу үшін ұлттың рухын асқақтарып, тілін, дінін, тарихын, әдебиеті мен мәдениетін яғни ұлттық құндылықтарын жете зерттеп, насихаттау міндеті тұр. Өйткені, қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі – әдебиеті мен мәдениеті, рухы мен тілі. Ал, «Әрбір ұлт – өзінің халқы үшін Ұлы Халықтың мәңгі ғұмыры – оның тілінде» (Ш.Айматов).

Елбасы төртінші құндылық, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім екендігіне тоқтала отырып, әрбір қазақстандықтардың әл-ауқатының жақсарып дамыған отыз елдің қатарына қосылудың бірден-бір сара жолын анықтап берді.

Бесінші құндылық, бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы Елбасының қазақстандық қоғамның бүгінгі, жаңа замандағы бейнесі деуге болады. Президент Н.Ә.Назарбаевтың жаңғырту үрдістерінің табыстылығын жүзеге асыратын басты қағидалардың бірі ынталандыру. Адал еңбекке ынталандырудың жолын табу, еңбек табыстарын қоғамдық ынталандырудың жүйесін құру Қазақстандағы әлеуметтік жаңғыртудың аса маңызды мәселелерінің бірі. Бұл рейтинг жүйесі. Әркім атқарған еңбегіне орай және көрсеткен нәтижесіне қарай бағалануы заңдылық. Адал еңбек еткен ғана бақытты болмақ.

Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы;

«Өз тарихын, өз философиясын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша ешқандай да мәдениеттің дамуы мүмкін емес», - дейді көрнекті түркітанушы ғалым Л.Н.Гумилев. Шындығында, өз елінің тарихын, философиясын білу, ұлттық құндылықтарын зерттеу, солар арқылы ұлттық идеологияны қалыптастыру, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу, оны ұрпақ санасына сіңіру елдің, ердің басты мұраты. Еліміздің сан ғасырлық дәстүрін, ата-баба салтын, әдебиеті мен өнерін өзінің бар болмысымен сақтай отырып, оларды әлемдік өркениет өрісіне қарай өрістете отырып, мәңгілік ел болу идеясын ұсынды. «Ана тілі –бәріміздің анамыз, өйткені, ол-ұлтымыздың анасы». «Толыққанды тілсіз – толыққанды ұлт болуы мүмкін емес». Ана тіліміз – біздің бүгініміз үшін де, ертеңіміз үшін де мәңгіліктің тілі. Нұрсұлтан Әбішұлы «Қазақстан - 2050» Стратегиясын жариялаған Жолдауында айқын атап көрсеткеніндей: «Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз».

«Мәңгілік Ел» жалпы Қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі арманы болатын. Әлеуметтік маңызы зор құндылықтың мән-мағынасын ұғындыру, баланың санасына, сезіміне, түйсігіне, мінез-құлқына әсер ететіндей дәрежеге жеткізу ұстаздық шеберлікті қажет етеді.

Тарих сабағында оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасы қалыптастырылады, адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке тәрбиеленеді, отаншылдыққа, халықтарды құрметтеуге, сыйлауға яғни халықтар достығына тәрбиеленеді, бейбітшілікті сақтауға, туған жерін сүйе білуге тәрбиеленеді.

Тарих сабақтарында оқушылардың отан сүйгіштікке тәрбиелеудің мынадай жолдарын ұсынар едім:

-Халықтың алдыңғы қатарлы дәстүрлерін нақты мысалдармен ашып көрсету;

-Халықтар тағдырының ортақтығына, әдет-ғұрыптарының, салт-дәстүрлерінің ортақтығына назар аудару;

-Көрнекі қайраткерлердің де, қарапайым халық өкілдерінің де тарихтағы, халық алдындағы қызметін, еңбегін көрсету;

-Туған өлке материалдарын тиімді пайдалану;

-Отансүйгіштік сияқты тамаша қасиеттерді өркендетуге байланысты мемлекет пен үкімет тарапынан қабылданған құжаттарды пайдалану.

Ұлы тұлғалардың қаһармандық жолдары бүгінгі жас ұрпақты патриоттық тәрбиеге баулудың темір қазығы деп сенімді түрде айтуға болады. Сабақта ағымдағы жылдары болып жатқан басты қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени саладағы маңызды жаңалықтарды, жетістіктерімізді кеңінен әңгімелеп, пікірталас, зерттеу, жобалау әдістерін қолданып өткізу оқушының танымдық қабілетімен өз тарихына деген қызығушылығын арттырады.

**http://tarbie.org/load/elek/baiandama/**

*ЭКСПО-2017*

# 205 561 ЧЕЛОВЕК ПОСЕТИЛИ ЭКСПО-2017 В ПЕРВУЮ НЕДЕЛЮ РАБОТЫ

**205 561 человек посетили Выставку ЭКСПО-2017 в первую неделю работы. Об этом на пресс-конференции заявил управляющий директор АО «НК «Астана ЭКСПО-2017» Бейбит Карымсаков.**

«Главным объектом ЭКСПО-2017 является национальный павильон Казахстана «Нур-Алем». С момента церемонии открытия Выставки его посетили 86500 посещений.

Также хочу отметить, что с каждым днем увеличивается количество посетителей ЭКСПО-2017. В первый день работы Выставки, число зрителей достигло отметки в 17 000, на прошлых выходных количество посетителей увеличилось до 34 000. Выставка работает в штатном режиме. Все внештатные ситуации оперативно решаются», - рассказал Бейбит Карымсаков.

Директор департамента коммерциализации Даулет Еркимбаев сообщил, что в настоящий момент продано 1 500 000 билетов на Международную тематическую выставку ЭКСПО-2017.

С момента открытия Выставки проведено 281 культурно-развлекательных и деловых мероприятий, состоялось более 50 протокольных мероприятий с участием Глав государств, министров и комиссаров международных павильонов.

**источник: https://expo2017astana.com**

# ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫНЫҢ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН !
# С ДНЕМ КАЗАХСТАНСКОЙ ПОЛИЦИИ !

**ҚҰРМЕТТІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ АРДАГЕРЛЕРІ!**

Сіздерді, ұжымдарыңызды және ардагерлерді шын жүректен ҚР полициясы күнімен құттықтаймыз!

Сіздер мемлекеттегі заңдылықты қадағалап, қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етіп, қиын әрі игі қызмет атқарасыздар! Сіздердің ерен еңбектеріңіздің арқасында мемлекетіміздің әр азаматының заңды құқықтары мен бостандықтары және қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

Осы қойылған мақсаттарды орындау кезіндегі адал қызметтеріңіз үшін шын жүректен алғысымызды білдіреміз.

Сіздерге зор денсаулық пен ұзақ өмір, кәсіби және азаматтық борышыңызды өтеуде қажымас қайрат пен талмас қанат, табыс пен сәттілік тілейміз! Отбасыларыңызға бақыт-береке мен аман-саулық, қуаныш пен шаттық тілейміз!

***Құрметпен,***
**Қала әкімі — Қ.Камзин**
**Қалалық мәслихат хатшысы — Б.Сәрсембеков**

**УВАЖАЕМЫЕ РАБОТНИКИ ПОЛИЦИИ И ВЕТЕРАНЫ!**

Поздравляем Вас, Ваших коллег и ветеранов службы с Днём полиции РК!

Ваша служба обеспечивает общественную стабильность, гарантию безопасности, здоровья и покоя наших граждан. В борьбе с преступностью, на страже чести, достоинства и безопасности Приозерцев проявляются Ваши лучшие качества - сила и доброта, мужество и самопожертвование.

Мы искренне благодарны Вам за Ваш честный труд, за верность выбранной профессии и за преданное служение закону. Пусть гордятся Вами земляки - несите с честью возложенную на Вас ответственность.

Желаем Вам крепкого здоровья, успехов в службе и выполнении профессионального и гражданского долга! Любви и семейного благополучия Вам и Вашим близким!

***С уважением,***
**Аким города — К.Камзин**
**Секретарь городского маслихата — Б. Сарсембеков**

*23 июня – День казахстанской полиции*

## ОТКРЫТИЕ ПАМЯТНОГО ОБЕЛИСКА

16-июня перед зданием отдела внутренних дел города Приозёрск был торжественно открыт обелиск погибшим сотрудникам полиции. На церемонии открытия обелиска присутствовали аким города Приозёрск Кайрат Камзин, заместитель начальника департамента внутренних дел Карагандинской области полковник полиции Ардак Ынтыкбаев, руководители учреждений и организации города, сотрудники отдела внутренних дел, ветераны органов внутренних дел и члены их семей.

Открывая мемориал аким города Кайрат Камзин отметил достижения сотрудников полиции в укреплении правопорядка и безопасности граждан в городе. Затем перед собравшимся выступил заместитель начальника департамента внутренних дел Карагандинской области полковник полиции Ардак Ынтыкбаев, который сказал: «Более 700 сотрудников казахстанской полиции героически погибли при исполнении служебных обязанностей и навсегда останутся в памяти своего народа, как истинные борцы за справедливость. В числе погибших - 26 сотрудников Карагандинской области. Открывая мемориал, мы отдаем дань памяти тем, кто в мирное время отдал свою жизнь в борьбе с преступностью, защищая конституционные права граждан. Сегодня мы вспоминаем тех, кто ни на минуту не усомнился и до конца исполнил служебный долг, не дрогнул перед глазами смерти. Они навечно останутся в наших сердцах». Полковник Ынтыкбаев поблагодарил акима Приозерска за содействие в возведении обелиска.

Церемония завершилась оружейным залпом, после чего к обелиску возложили цветы. Вдове погибшего сотрудника полиции Ерика Шохметова полковник Ынтыкбаев вручил подарок и цветы. Инспектор дорожной полиции Ерик Шохметов был убит при задержании особо опасных преступников в феврале 2002 года. За проявленное мужество и героизм при задержании особо опасных преступников Указом Президента Казахстана от 3 мая 2002 года Ерик Шохметов был награжден медалью «Ерлігі үшін» посмертно.



**Б. Кенжебеков**

*Новости региона*

## АКИМ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ПОСЕТИЛ ПРИОЗЕРСК



**22 июня аким Карагандинской области Кошанов Ерлан Жаканович с рабочей поездкой посетил наш город.**

По приезду в город аким области посетил ТОО «Ер-Тай», где он ознакомился с работой фабрики, в частности с переработкой свинцово-содержащей руды.

Затем аким области осмотрел строящиеся очистные и канализационные сооружения города.

В сферу внимания главы области также вошло выведенное из аренды МО Российской Федерации и переданное Республике Казахстан здание детского сада «Незабудка». Осмотрев здание детского сада, аким области дал ряд заданий соответствующим должностным лицам по ремонту здания и вводу в эксплуатацию согласно целевого назначения.

После чего, Ерлан Кошанов ознакомился с работой ТОО «Лечебно-оздоровительный комплекс «Балхаш» и посетил городской стадион.

В завершение своего визита, аким области возложил цветы к недавно открывшемуся перед зданием городского отдела внутренних дел мемориалу памяти сотрудникам органов внутренних дел, павшим при исполнении служебного долга.

**Б. Алшынбекулы**





## АСТАНА ӘУЕЖАЙЫ АТАУЫНЫҢ ӨЗГЕРТІЛУІНЕ ПІКІР

Астана әуежайының Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев есіміне өзгеруі көпшілік халық арасында қолдау тапқаны баршамызға мәлім. 2017 жылдың 21 маусымынан бастап елордадағы Астана халықаралық әуежайы Тұңғыш Президентіміз - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атымен аталатын болды. Бұл Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаған Елбасының ерен еңбегіне тағы да бір ерекше құрмет. Сондықтан да барша қазақстандықтарды осы қабылданған шешіммен құттықтағым келеді. Аталған бастаманың негізі ол - болашақ ұрпақ алдында тұңғыш Елбасымыздың ерен еңбегін дәріптеу және мәңгі ұмытылмас қазақтың маңдайына біткен кемеңгер, біртуар азамат екенін насихаттау.

**Ш. Жанылхан,**
***Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы***

# БОЛАШАҚҚА БАҒДАР. РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ




Жақында ғана Елбасы мақаласының негізгі рухани темірқазығын осыдан 100 жыл бұрын іргесі қаланған Алашорда үкіметінің ұстанымдарынан алғанын айтқан едік. Олай дейтініміз «Болашаққа бағдар. Рухани жаңғыру» мақаласында Елбасы негізгі басымдықтарды айта келіп, «Туған жер», «әліпби ауыстыру», «100 оқулық», «100 тұлға» қатарлы ерекше бағдарламаларды алға тартқан болатын.

Бұл ой ғасыр бұрын «жүз жылдық жаңғыруымызға» азық болған алашорда көсемдерінің көксегені еді. Елбасы соны іске асыруға мүмкіндік жасады.

Алашорданың 100 жылдығы қарсаңында Елбасы мақаласында айтылған рухани жаңғыру бағдарламаларын алаш идеасымен сабақтастыра отырып тарқатып көрсек. Бүгінгі қаламымызға арқау еткіміз келгені «Туған жер» бағдарламасы.

Елбасының өзі айтқандай «Туған жер» бағдарламасы арқылы «жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіру» барысында алашордашыларға жасап жүрген бір қиянатымызды дұрыстаудың реті келіп тұр. Олай дейтініміз, мысалы, Ахмет Байтұрсынұлы тек Қостанайға, Шәкерім мен Абай тек Семейге, Мағжан – Қызылжарға, Сұлтанмахмұт Павлодарға ғана керек секілді көретініміз өтірік емес. Ал шын мәнісінде олар өз заманында күллі қазақтың қамын жеді емес пе?! Рушылдық, жершілдік, жүзшілдікті дәл осы алаш арыстарына келгенде ысыра тұратын уақыт жетті. Бұл жайлы алдағы уақытта Елбасы мақаласында айтылған «100 тұлға» бағдарламасын талдау барысында да кеңірек тоқталатын боламыз.

Сөзімізді қорыта келгенде рухани жаңғырудың бастауында тағы да алашорда үкіметінің негізгі ұстанымдары тұрғанын байқаймыз. «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру барысында алаш арыстарының еңбегін де ұмытпай, соны негізге ала отырып, іске асырсақ қандай жарасымды болар еді. Себебі «сен кешегі күнге топырақ шашсаң, келер күн саған тас ататынын» ұмытпаған абзал.

**http://elana.kz/**

*...Өз тіліңді құрмette!*

# ТІЛ БАЙЛЫҒЫ- ӘРБІР ЕЛДІҢ ҰЛТТЫҚ МАҚТАНЫШЫ

Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруы тиіс. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Ел бірлігі доктринасында мемлекеттік тіл ұлттық және рухани бірліктің басты факторы, негізгі басымдығы ретінде айқындалған. Оны меңгеру әрбір Қазақстан азаматының парызы мен міндеті саналып, жеке өзінің бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық өмірге араласуының белсенділігін айқындайтын ынталандырушы тетік болуға тиіс. Мемлекеттік қызмет саласындағы реформалар мемлекеттік тіл – қазақ тілінің дамуына да өз септігін тигізіп келеді. Әркімнің түріне емес, тіліне қарап, сол адамның тегі, халқы мен мемлекеті туралы ақпарат алуға болады. Қазақ тілі — қазақ халқының ана тілі. Ол — халық тарихымен бірге жасап, ұрпақтан-ұрпаққа катынас құралы ретінде кызмет етіп келеді. Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл– ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс берекенің алды, ұлттың әрі жаны, әрі ары. Тіл жай сөз емес, ол өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрістей түскен, толыққанды ақиқат десек, жаңыла қоймаспыз. Тілсіз қоғамның қандай түрі болса да өмір сүре алмақшы емес, ол тілдің өзі қоғам бар жерде ғана пайда болып, өмір сүреді. Демек қоғамнан тыс, бөлек тіл жоқ. Мұның мәні – тіл жоқ жерде адамдардың бірлесіп жұмыс істеуі, қоғамдық өндірістің өндірістің қай саласын болсада ұйымдастырылуы, дамытуы мүмкін емес. Тіл байлығы әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Әрине ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты – оның ана тілі.

Ана тілі – ең басты байлығымыз. Ана тілі – ең ұлы мен тамаша тіл. Менің ана тілім – қазақ тілі. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Бұл – ауыр тіл, бірақ әрбір құрметті азаматқа оны білу керек. Қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Конститутциямыздың жетінші бабының бірінші тармағында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» - деп анық жазылған. Біздің азаматтық парызымыз – тіл заңдығы талаптарды жүйелі түрде жүзеге асыру. Тәуелсіз елдің елдігі үшін жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруды мемлекеттік тілдің атқаратын қызметі орасан зор.

Тіл - ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілі.Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі. Елбасы Н.Ә.Назарбаев халықтың болашағы туралы тереңнен толғай отырып, «мемлекеттің ең басты дүниесі тек қана байлық емес, сонымен қатар ана тіліміздің болашағы» - деген болатын. Тіл тағдыры – ел тағдыры екенін ешуақытта ұмытпайық. Әрбір адам өз ана тілін білу және мемлекеттік тілін меңгеру міндетті.

**Приозерск қаласының Әділет басқармасы**

Департамент Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции по Карагандинской области

Вы желаете поступить на государственную или правоохранительную службу?
Обращайтесь в Управление государственной службы 50-40-23

По вопросам качества оказания государственных услуг
Ответят в Управлении государственных услуг 50-40-66

Вы стали свидетелем, как государственный служащий нарушал нормы служебной этики?
Звоните в Управление контроля в сфере государственной службы 50-40-75

Вы интересуетесь реализацией антикоррупционной политики?
Вам помогут в Управлении профилактики коррупции 50-41-02

CALL-CENTER: 1424

*Дөңгелек үстел*

# ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

2017 жылдың 19 маусым күні «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ ұйымдастыруымен «Қазақстан халқы Ассамблеясының міндеттерін жүзеге асыру бойынша Қоғамдық келісім Кеңесі жұмысының тәжірибиесі туралы» және «Қоғамдық саяси ахуалды тұрақтандыру мақсатында дін саласындағы 1 жартыжылдығында атқарылған жұмыстар» тақырыптары аясында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге қатысушылар: Кеңес төрағасы О.Айтпенбетов және Кеңес төрағасының орынбасары Г.Шәрбекова, хатшысы Ш.Жанылхан, Кеңес мүшелері П.Кенжебекова, Ж.Қармысова, С.Ахметова, А.Чалгимбаев және дін маманы Б.Құрманғожин.



Дін маманы Б.Құрманғожин өз баяндамасында қала бойынша қоғамдық саяси ахуал тұрақты екенін және діни эсктремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша әр түрлі форматта қала мекемелері арасында 18 іс-шара өткізілгендігін және жұмыс одан әрі жалғасын табатындығын мәлімдеді. Атқарылған іс шаралар бойынша материалдар жергілкті «Приозерский вестник» газетінде тұрақты түрде жарияланып тұрады.

Сонымен қатар, Кеңес мүшесі П.Кенжебекова кітап оқуға ниеті бар қала оқырмандарына «Жас толқын» және «Сырлас» клубтарының есігі әрдайым ашық екенін айта кетті. Өйткені кітап оқыған адамның ойлау жүйесі әлдеқайда жүйрік болады. Кітапханаға келіп түсетін діни бағыттағы және басқа саладағы барлық кітаптар арнайы тексерістен өтетіндігін мәлімдеді. Сондықтан сенімді түрде кез келген уақытта кітаптармен танысып, кітап оқуға болатыны жөнінде мәлімдеді.

Кеңес төрағасының орынбасары Г.Шәрбекова: - Қала жастарына, мектеп оқушыларына әркімді тыңдай бермей, дінге қатысты сауалдар, қандайда бір түсініксіз сұрақтар болса тікелей мешіт имамымен сұхбаттасқан дұрыс болар. Жастарымызды, балаларымызды дұрыс емес бағыттағы діни ағымдардан қорғайық, дұрыс бағыт-бағдар беріп қолдайық! - деп өз пікірін білдіріп, ойын аяқтаған болатын.

**Ш. Жанылхан,**
***Приозерск қаласының Қоғамдық келісім Кеңесінің хатшысы***

*Ғасыр дертімен күрес*

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.




Демократиялық институттар мен құндылықтар сыбайлас жемқорлықтың көріністерімен, сондай-ақ одан туындайтын қоғамның тұрақты және қауіпсіз дамуына қатер төндіретін түйткілді мәселелермен сыйыспайтыны анық. Тиісінше Қазақстанда іске асырылып жатқан демократиялық қайта құрулар сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне қарсы күресте жүйелі жұмыс істеуі мүмкін емес.

Жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғандығы шындық. Елдің ертеңі үшін, болашақ келер ұрпақ алдында еңсеміздің бек көтеріліп жүру үшін, жемқорлық індетімен белсене күресіп, түп-тамырымен жою қажет. Бұл – індет адамзат баласына жат қасиет. Кеңестік дәуірден бастау алған, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты, бармақ басты әдеті әлі болса қылаң беріп келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз.

Мемлекеттік сатып алу, мемлекет қаржысын талан-тараж етіп, ысырап қылу, жер телімін заңсыз беру, дүние-мүлкін, ақша капиталын салық декларациясынан, яғни мемлекеттен жасырып қалу сияқты мемлекет қалтасына қауіп төндіретін жат қылықтар әлі де баршылық.

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлықтың тамыры тереңде жатқан қауіпті әлеуметтік құбылыс.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Мұндай заңбұзушылыққа қасақана барғандар қатаң жазаға да тартылады. Оларға біздің қоғамда да, арамызда да орын жоқ екенін түсінгені абзал.

**А.Ким,**
***«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің*** **басшысы**

*28-маусым – Баспасөз қызметкерлері күні*

# АТТЫҢ ЖАЛЫ, ТҮЙЕНІҢ ҚОМЫНДА...

Осы сөзді марқұм ұстазымыз, Әль-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің негізін қалаушылардың бірі, сөз өнерінің һас шебері Тауман Амандосов жиі және сүйіп айтып отыратын. «Журналистер аттың жалы, түйенің қомында жүріп шыңдалатын, халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын жандар болуы тиіс. Бұл мамандық қыздарға лайық емес», – деп отыратын жарықтық. Дегенмен, бүгінгі журналистикада әйел-қыздардың үлесі басым. Бірақ олардың көбісі телерадионы жағалап жүр. Иә, журналистер қауымында біліммен қатар сезгірлік, әбжілдік, байқампаздық, ұсынақтылық, сабырлылық және шыдамдылық секілді қасиеттер болмаса, одан жақсы журналист шықпайды. Журналист халық пен биліктің арасын жалғастыратын алтын көпір іспетті. Олар халық шаруашылығындағы барлық саланы қамти отырып, жетістіктер мен кемшіліктерді қоғамға ашық жариялап отыратын және сол арқылы қоғамның өзін тәрбиелеуге атсалысатын тұлға. Алдағы журналистердің кәсіби мерекесі – «Баспасөз, теледидар және радио күні» мейрамы журналистер қауымының бір жыл бойы асыға күтетін өте маңызды мерекесі деп есептеймін. Өйткені, бұл күн журналист тек өзіне ғана емес, қоғам алдында, шығармашылық ұжым және әріптестерінің алдында есеп беретін кез. Журналистика саласы қоғаммен бірге тұрақты дамып келеді. Және де менің ойымша, бұқаралық ақпарат құралдары биліктi, билік журналисті «тәрбиелеп» отыр. Бұл екі тарап арасында тығыз байланыс болмаса, ешқандай да даму болмайды.

Қазіргі таңда газет-журналдар, теледидение және радио салаларымен қатарласа ғаламтор саиттары да қоса дамып келеді. Еліміз бен әлемде болып жатқан жаңалықтар мен оқиғалар оқырмандар мен тыңдармандар назарына жедел жететін болды. Халық осы арқылы жақсылықтармен қатар жаман әдеттерді де біліп отырады. Кей жағдайда мұндай жаман әрекеттер әсіресе жастар мен жасөспірімдерге теріс ықпал ететінін көріп те, сезіп те жүрміз. Бұл дұрыс емес. Әзірше біздің қоғамның осы секілді теріс бағытқа үндейтін жағдаяттарға тосқауыл қоюға шамасы жетпей отырғанын жасыра алмаймыз. Ғаламтор беттерін жайлап алған қазақ ұлтына жат, дін атын жамылған кері бағыттағы ағымдардың жазбалары, ұят және сөлекет суреттер жастардың санасын бұзып қана қоймай, ұлттың бірлігі мен тұтастығына қауіп төндіретін жағдайлар екені қазір қоғам талқысынан түспейтін тақырыпқа айналды.

Баспасөз құралдарының ішінде газеттің алатын орны ерекше екендігін атап айтқым келеді. Газетте жарияланған жаңалық, ақпарат немесе мақала оқырманды жақсы жағына қарай тәрбиелеуге ықпал етуі тиіс. Газет жарияланымы телерадио хабарлары секілді көзіңе бір көрініп не естіле сала жойылып кетпейді. Оны сақтап қойып, кез-келген уақытта қайта оқып алуыңа болады. Өзің немесе жақындарың жайлы жазылған мақала, очерктер сенің сөреңде ұзақ уақыт бойы естелік ретінде сақталып тұрады. Сондықтанда, газеттің өмір сүргіштік қабілеті жоғары дәрежеде және ұзақ. Ол – халықтың тілі, көзі және құлағы болып қала бермек. Газетте қызмет ететін журналистердің еңбегі өзгелерге қарағанда екі есе қиын және маңызды. Олар бәрін өз қолымен жазып, жасап шығады. Газет тілшілері әлі күнге жоғары сұранысқа ие мамандықтың бірі екендігі мойындалған. Өзім қызмет ететін «Приозрский вестник» аталатын шағын апталық газет қала тұрғындарының баспасөзге болған мұқтаждығын өтеп келеді. Шағын ұжым қалада болып жатқан жаңалық, хабар, ақпараттарды дер кезінде оқырманға жеткізуді мақсат тұтады және оның үдесінен шығып жүр. Мекемелер, кәсіпорындар, мектептер мен балабақшалар және ұйымдармен арада тығыз байланыс орнатылған. Дегенмен, кейбір ұжымдар әлі де бұл мәселеге селқос қарайтынын айтуға тиіспіз. Өз ұжымдарындағы болып жатқан жаңалықтар мен жетістіктерді көпшілік назарына ұсынудан қалыс қалап жатады. Оған мән бермейді. Газет тарапынан ұсыныс жасалғанмен, соған атүсті қарап, хабарласпайтын мекеме, ұжымдар бары шындық. Қала да, оның жаңалығы мен жақсылығы да, жетістігі мен кемшілігі де осы қала тұрғындарына ортақ болуы қажет. Ұжымдағы қызметкер немесе еңбекшінің жақсы істері мен жетістіктерін оқырмандарға паш етіп, үлгі-өнеге ретінде көрсетіп отырса нұр үстіне нұр емес пе? Қоғамның әрбір мүшесі жаңалық жаршысы бола жүріп, кез-келген жақсылықтың нышанына айналса игі. Көп болып, біргелікте жасаған істің нәтижесі мен игілігі де баянды болатынын, ол бәрміздің қуаныш, мақтанышымыз екенін ұмытпайық, ағайын!

**28-маусым – журналистер мерекесі. Осы мерекеде елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтап жүрген төртінші билік өкілдерін мерейлі мерекемен құттықтай отырып, толағай табыс пен адал еңбек тілейміз!**

**Мереке құтты болсын!**

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
*газеттің арнаулы тілшісі.*

---

*Туған жер*

# САЙЛАУ ҚАЖЫ ЖАЙЛЫ ҮЗІК СЫР

## (өмірдеректік очерк)




«Егемен Қазақстан» республикалық газетінде жарияланған ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының бір тармағында елбасы былай деп атап көрсеткен болатын: «Үшінші, жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алуға тиіс. Бұл жұмысты өз бетімен жіберуге болмайды, мұқият ойластырып, халыққа дұрыс түсіндіру қажет. Туған жеріне көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек. Бұл жерде де көп жұмыс бар». Яғни, әрбір қазақстандық азамат қай салада қызмет жасамасын, еңбек етпесін, туған жері үшін еселі еңбегі және қажырлы қызметімен елі мен жерінің дамуына, өркендеуіне және гүлденуіне үлес қосуы тиіс. Бұндай жандар біздің жасап жатқан жұмақ-мекеніміз – Приозерск қаласында да жетерлік. Зейнетке шықса да жеке кәсіпкерлікпен айналысып, халқына да, мемлекетіміздің дамуына да өзінің сүбелі үлесін қосып жүрген ардагер азаматтың бірі қалада нотариус болып жұмыс жасайтын, бұрынғы заң саласының сақа қызметкері Сайлау қажы Смағұлұлы Қарабеков десек, артық айтқандық болмас. Ендеше, осы кісінің өмір жолына үңіліп көрелік...

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданына қарасты Ақтау совхозының Айшырақ деп аталатын жерінде 1955-жылы 1-қаңтарда дүниеге келген Сайлау Смағұлұлы қарапайым еңбек адамы – қойшы отбасында өсіп-жетілді. Жұмыстың қай түрін болса да талғамайтын әкесі мен анасы балаларын да еңбекқор, адал, мейірімді, көпшіл, иманды етіп тәрбиелеуге тырысты. Адал еңбектің арқасында абыройын арттырған әке, ел-жұртының арасында құрмет пен сыйға бөленген, ұлтының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын ұстанған, дініне берік жан болған. Дін десе қаһарын шашып тұратын кеңестік жүйенің қылышына іліне кетпеу үшін жасырын түрде балаларына ұлттық құндылықтарын сіңіріп отырған. Соның арқасында ұрпақтары өздері қалағандай азаматтар болып жетілді. Смағұл атамыздың қой шаруашылығын өркендетудегі еселі еңбегі ескеріліп, «Еңбек ардагері» медалін иеленген және Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің құрмет грамотасымен марапатталған. Жасына байланысты зейнеткерлікке шыққан шаруагер 1989-жылы дүниеден озады. Смағұл атаның 1904-жылы дүниеге келген өмірлік жары Бәт Исақызы жұбайының сенімді серігі, қамқоршы көмекшісі және балаларының аяулы анасы ретінде елі мен халқына қалтқысыз қызмет еткен жан. Көмекші шопан болып еңбек еткен Бәт әжеміз 1964-жылы зейнеткерлікке шыққан. Ұрпақтарынан немере, шөбере сүйіп, қызығын көрген аяулы ана 2004-жылы дүниеден озыпты.

С.С.Қарабеков 1961-1969-жылдар аралығында Жаңаарқа ауданының Ортау совхозындағы сегізжылдық мектепті аяқтағасын 1969-1971-жылдары осы ауданның Атасу кентіндегі Н.К.Крупская атындағы орта мектепте орта білім алады. Орта білім алысымен еңбек жолын бастап кеткен ол әке соқпағымен жүріп, осы Ортау совхозында қойшы болып еңбекке араласқан. Бала кезден әкесіне көмек бере жүріп, қойшылықтың қыры мен сырын санасына тоқып алған Сәкең өзінің шаруашылықта да ешкімнен кем еместігін дәлелдей білген. Күш-қайраты бойында тасыған жалынды жас аз уақытта ауылдастары алдында абыройға қол жеткізе білді. Жұмыстың қандайынан болса да қайтпайтын жас жігіт кейіннен осы шаруашылықта тракторшы, жүргізуші болып істеді. Бұл салада да өзінің еңбексүйгіштік қасиеті мен техниканы жетік меңгерген қарым-қабілетін көрсете білді. Ол кездің жастары кітапқұмар, газет-журналдарды үздей оқитын, білімге құмар жандар болғаны бізге бес саусақтай белгілі. Сәкең де саяси білімін жетілдіре жүріп, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан және ұйым-дастыру қабілетінің арқасында комсомол ұйымын басқарады. Жастардың жетекшісі ретінде көптеген ісшаралар ұйымдастырып, замандастарын жақсылыққа, еңбекке, адалдыққа үндеді. Отан алдындағы борышын өтеу мақсатында 1973-1975-жылдары Кеңес Әскері қатарында қызмет етіп қайтқан. Еңбек ете жүріп, жоғарғы білім алуды жадынан шығармаған Сәкең 1975-1981-жылдар аралығында Алматы қаласындағы Киров атындағы (бүгінде Әль-Фараби) ұлттық мемлекеттік университеті заң факультетінің сыртқы бөлімінде оқып білім алған. Бұдан әрі Сайлау Смағұлұлының мағыналы ғұмыр жолының екінші кезеңі басталып кете барған.

1978-2002 жылдар аралығында еліміздің прокуратура органдарында қызмет атқарып, осы салаға елеулі еңбегін сіңірді. Қарағанды облысының Ақтоғай, Ақадыр аудандарының, Приозерск қаласының прокуроры және Балқаш табиғат қорғау прокуроры, Қарағанды облыстық прокуратурасы басқармасының аға прокуроры бола жүріп, қоғамдағы адам құқығын қорғау, заңдылықтың салтанат құруы жолында барынша тиянақты

қызметтер жасады және еткен еңбектері уақтылы бағаланып отырды. Осы жылдар арасында комсомол және партия саласында жауапты қызметтер атқарды. Атап айтқанда 1980-1983-жылдары Ақадыр аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, 1984-1986-жылдары Жезқазған облыстық партия комитетінің нұсқаушысы болды. 2002-жылдың 7-мамырынан бастап «Қазақстан Республикасының еңбек туралы Заңының» 28-бабына сәйкес, көп жылдық сіңірген еңбегі үшін зейнеткерлікке шығып, 2003-жылғы 24-қаңтардан бергі кезеңнен бастап қазіргі уақытқа дейін Қарағанды облысы нотариалдық палатасының мүшесі, Приозерск қаласының жекеше нотариусы болып халыққа қызмет етіп келеді. Әділет кеңесшісі.

Сайлау ағаның қызмет бабындағы қол жеткізген жетістіктері мен марапаттарын есептейтін болсақ, бірнеше параққа жүк болардай. Дегенмен, оқырманға белгілі болуы үшін мемлекет тарапынан алған марапаттарының бірнешеуін ұсынып көрелік: 1979-жылы «Жастар тәрбиесіндегі белсенді қызметі үшін», 1981-85жылдары Қазақстан ЛКЖО тарапынан жастар тәрбиесіндегі үлкен үлесі үшін Құрмет грамоталарымен марапатталған. Кеңестік кезеңде тамыр-таныстық жоқ, тек адал еңбегің үшін құрметке ие боласың. Сәкеңнің «Еңбек кітапшасының» марапттар беттерінде дәл осындай марапаттардың тағы он төрті жазылып тұр. Оның бәрін тізбелеп жатуды артық көрдік. Жас кезінен-ақ ондаған марапаттар мен сыйлықтардың иегері болған Сәкең зейнетке шыққасын да назардан тыс қалмаған. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы нотариатының дамуы мен нығаюына қосқан үлесі үшін және нотариус мамандығының қоғамдағы маңыздылығы мен беделін арттыру мақсатында атқарған мінсіз көп жылдық еңбегі үшін және «Қазақстан заңгерлерінің одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалының марапат грамоталарымен, Қарағанды облысының нотариаттық палатасының Құрмет грамотасымен және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Жезқазған аймақтық өкілеттігінің Алғыс хатымен марапатталған. Үстіміздегі жылы «Қазақстан Республикасы прокуратасына 25 жыл» мерекелік медалін омырауына тағыпты. Еткен еңбек пен қызметтің ескерусіз қалмайтыны осы марапаттауларлан белгілі болса керек. Өзінің өмір жолындағы алған сыйқұрметіне маңғазсымайтын карапайым жанның өмірдерегі мен өмір жолындағы жеткен жетістіктері бір кітапқа жүк болардай. Өзі туралы осынау өмірдеректік очеркті жазуға Сәкеңді бірнеше рет өтініш жасап, әрең көндірдік. Елбасының журналистер алдына қойған талаптарының бірі – «Туған жер» айдарымен танымал тұлғалар-дың туған жері мен еліне жасаған өлшеусіз қызметін өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге етіп көрсету болғандықтан, аталмыш очеркті жазуға бел будық. Сайлау Смағұлұлы Қара-бековтың өмірі мен қызметі осы талаптың үдесінен шығатынына бек сенімдімін. Өмір жолына адалдық пен азаматтықты, иман мен парасаттылықты, мейірімділік пен қайырымдылықты шырақ етіп ұстаған жанның өмірі – өнеге, еңбегі – үлгі болары сөзсіз!..

Сайлау Смағұлұлының біраз жылдық ғұмыры қала тұрғындарының көз алдында өтіп келеді. Бұл кісімен мен де 2004-жылдан бері жақсы қарым-қатынаста араласып келемін және ұл-қыздарымен де жете таныспын. Үлкен шаңырақты айрандай ұйытып отырған асқар таудай әке мен жаны жайсаң жұбайы Дариға Жақсыбайқызы екеуі балаларына тағылымды тәрбие, тиянақты білім беруге тырысқан. Бухгалтерия саласында ұзақ жылдар қызмет атқарған Дариға апай қазір зейнеткерлікте. Сегіз баланың анасы болған «Алтын алқа» иегері, ардақты ана бүгінде немерелерінің қызығына бөленуде. Тұңғыш қызы, Гүлнәр Қарағанды қаласындағы есеп-қаржы институтын бітірген, бүгінде жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Ұлы Омар Қазақстан-Ресей университетінің заң факультетінде оқып, бітірген. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетінде білім алған Гүлмирасы бүгінгі таңда Қарағанды қаласында орта мектеп мұғалімі. Қарағанды Экономикалық университетін «Экономист» мамандығы бойынша тәмамдаған Индира болса «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың менеджері болып қызмет етіп жүр. Айнұры «Болашақ» Қарағанды университетін «Заңгер» мамандығы бойынша бітіріп, қазір сот саласында қызмет атқарады. Сандуғаш Қарағанды Экономикалық университетінің заң факультетін бітірген. Ұлдың кенжесі Ақжол ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Заң акаде-миясын аяқтап, осы күні Приозерск қаласы прокуратурасының аға прокуроры. Кенже қызы Қымбат «Болашақ» Қарағанды университетінің бітіргеннен соң кәсіпкерлікпен айналысуды жөн санапты. Міне, қарап отырсақ, Сәкең балаларының бәріне бірдей жоғары білім алуына жағдай жасап, өмірден өз орындарын табуларына бағыт-бағдар бере білген әрідені ойлайтын әке. Бұл әрбір ата-ананың арман-мақсаты емес пе?!.

Дала академиясының түлектері болып саналатын шопан әкеден ұлттық тағылым алып, тілі мен тілін санасына сіңіріп жетілген С.Смағұлұлы зейнетке шығысымен дінге ден қойып, мұсылмандыққа, имандылыққа бет бұрды. Құбылаға бас қойып, намазға жығылды. Исі мұсылманның бес парызын өтеуге кірісті. 2011-жылы қаламызда бірінші болып Мекке-Мәдинеге қажылыққа барып қайтқан алғашқы қажылардың бірі. Ұлық дінімізді үлгі тұтқан ұрпақтар қажы ағаларына қарап бой түзеуде. Жеке кәсіпкер және садақа беруді жөн көретін Пайғамбарымыз Мұхаммед с.а.ғ. үмбеті ретінде де қайырымдық жасауды азаматтық әрі мұсылмандық парызым деп біледі. Қала мешітінің қасынан асхана құрылысы басталар тұста қаладағы белгілі кәсіпкерлерді үндеп, басын біріктіріп, құрылыстың қарқынды жүруіне ықпал еткенін, асхана іргетасының қазығын қағып, алғашқы кірпішін қалағанын елдің бірі білсе, бірі білмейтін шығар. Мақаламызды аяқтай келе, туған жеріне тын тіккен, елі мен қазақ жұрты үшін қызмет етіп жүрген қажы ағамыздың алдағы өміріне сәттілік пен баянды бақыт тілейміз!

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ,**
*ҚР журналистер одағының мүшесі, ақын.*

*Мемлекеттік бағдарлама қолға алынды*

# ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Елбасының үштұғырлы саясаты аясында шетел тілін үйрену, оның қолданыс аясын кеңейту бүгінде кезек күттірмейтін өзекті де келелі мәселелердің бірі болып отыр. Алайда «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»,-деп ақын жырлағандай, өз тілінде еркін сөйлеп, өз тілін құрметтейтін тұлғаны баулысақ, өзге тілді қадірлейтін тұлғаны баулитынымыз анық. Сондықтан да «Мемлекеттік тілді үйрету балабақшадан басталуы тиіс. Бұл - заман талабы»,- деген елбасының қағидасына сүйене отырып, қазіргі таңда балабақшадан бастап мектеп табалдырығын аттаған сәттен ана тілін меңгертуге, сауаттылыққа күш салынуда. Осы орайда ауыр жүк артылып отырған мұғалімдер мен тәрбиеші-ұстаздардың бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеудегі еңбегі зор.

Президентіміз: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тіл білетін жоғары білімді ел ретінде қабылдануы тиіс. Бұл мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ұлтаралық тіл ретіндегі орыс тілі, ғаламдық экономикаға табысты интеграцияға жол ашатын ағылшын тілі» деп қадап түсіндірді. Содан келесі жылы «Жаңа Қазақстан жаңа әлемде» жолдауында «Үш тұғырлы тіл» аталған арнайы бағдарлама әзірлеу қажеттігін айтты. Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл тілдік тұғырнамасының бай пәлсапалық мәні бар. Оның маңызын ағылшын мен орыс тілін білу өз алдына, бастысы қазақстандық біртектіліктің мәйегі — қазақ тілі болу керектігі тұрғысынан түсінген ләзім. Яки, қазақ тілінің мерейін үстем ету арқылы ағылшын және орыс тілдерінің де мәртебесін түсірмей, өрістете беру. Әлбетте, қазақ тілін дамытуда қолданыс аясы тарылып, әлсірей бастап, кейін қайта жаңғырған түрік, иврит, украин, малай тілдерінің тәжірибесін ескерген абзал. Мәселен, екі мың жыл бұрын өлген иврит тілі қазіргі заманда түлеп отырғаны баршаға аян. Үш тілде білім берудің жүйесі ҚР 2011-2020 жылдарға дейінгі білім беруді дамыту бағдарламасында да кең көрініс тапты. 100 нақты қадам Ұлт жоспарының 79-шы қадамында жоғары сыныптар мен ЖОО-да кезең-кезеңімен ағылшын тілінде оқытуға көшу көзделген. Басты мақсат – даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру.

**Соңғы кезде елімізде үштілді білім беру мәселесі жан-жақты әрі қызу талқылануда. Байыбына бармаған кейбір «қарсылар» бұл үрдіске өтуге қатты алаңдаушылық білдіруде. Шын мәнісінде бұл үрдіс бізге тиімді ме, тиімсіз бе? Үштілді білім беру қашан және қалай жүзеге асырылады?**

Бұл үрдіске көшу кезең-кезеңмен жүзеге асырылады. Жаратылыстану пәндері — информатика, химия, биология және физика ағылшын тілінде оқытылады. Оның өзінде әзірге 10,11 сыныптарда ғана. Демек, ағылшынша оқытудың үлесі келешекте арта бермек. Қазақ тілі мен әдебиеті және Қазақстан тарихы қазақша оқытылады. Ал, орыс тілі мен әдебиеті алдағы уақытта біріктіріліп, орыс тілінде оқытылады. Демек «Орыс әдебиеті» деген бөлек пән болмайды. Сондай-ақ дүниежүзі тарихы пәні орыс тілінде жүргізіледі.

Орта мектептерде сабақ бастан-аяқ тек ағылшынша жүруі шарт емес. Ең бастысы, ұғымдық түсіндіру ағылшынша болады. Яки, ұстаз сол ұғымдарды жиірек қолданса болғаны. Бұл салада бүгінде экономикасы әлдеқайда алға кеткен Сингапур, Малайзия елдерінің білім беру саласының мол тәжірибесі де ескерілген. Мәселен, малай, ағылшын және қытай тіліне басымдық беретін Малайзия мектептерінде жаратылыстану пәндері ағылшынша оқытылады. Тиісінше, тарих пен әдебиет тек малай тілінде оқытылады. Нәтижесінде, малайлық білімпаз қауым қазірде екі немесе үштілді. Үш тілді мектепті қазірден жасақтамайынша кері кеткеніміз кеткен. Онсыз да қазір біздің 8 сыныптың оқушысының білімі Ресейдің 7, ал батыс елдерінің 6 сынып оқушысының білімімен теңесіп, төмен түсіпті. Демек, оқушылар 2 жылға білім деңгейімен қалып қойған. Бұл PISA (Programme for International Student Assessment) мектеп оқушыларының білім деңгейін бағалайтын халықаралық бағдарлама қорытындысы. Тек математикалық білім деңгейінде қазақстандық оқушылар күллі әлем елдері ішінде 49 орында екен. Бұған әсер ететін факторлар әрине көп, бірақ бастысы тіл екені бесенеден белгілі. Ғылым өресі қазір күн сайын қарыштап дамып жатыр. Бастысы, ғылым тілі ағылшын тілі болып отыр. Малайзия сияқты Қазақстанның ағылшын тіліне басымдық беріп отырғанының сыры неде? Ағылшын тілінде бүгінде бүкіл әлемде 1 жарым миллиардттан астам халық сөйлейді. Одан өзге, бұл тілді 1 миллиардқа жуық халық үйреніп жүр. Демек, 2 жарым миллиардттай адамзат баласы ағылшын тілінде еркін сөйлейді немесе тым құрығанда түсінісе алады деген сөз. Жаһантордағы ақпараттың тең жарымына жуығы яки 50% ағылшын тілінде, қалған бөлігі әртүрлі тілде жарияланған. Мысалға келтірілген Малайзиядан өзге, Бельгияда балалар 3 тіл, Нидерландыда 4 тілді біліп өсіп-өнеді.

Үштілділіктің маңызын түсіне білген жанның еліміз үшін болашақтағы алары да, берері де мол. «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады».

Осынау мүмкіндіктерді игеру мақсатында бүгінгі білім ордалары үштілділікті енгізудің, оны тиімді жүргізудің тың жолдарын іздеуде.

Мектепте қазақ тілін оқыту барысында орыс тілі, ағылшын тілі пәндерін бірлікте алу мұғалімнің шеберлігіне байланысты жүргізілсе, өтіліп отырған бағдарламаға сай үш пәнді бірлікте ала отырып, пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады. Алайда дәстүрлі оқытуда тек аударма жасатумен ғана шектеліп отырсақ, қазіргі оқыту технологиясында түрлі шығармашылық бағыттағы тапсырмалар бере отырып, оқушы-субьектінің ізденісіне, яғни, жеке тұлғаның әрекетін дамытуды мақсат етудеміз.

Оқушылардың интеллектуалдық қабілетіне түрткі болатын ойын технологиясын қолдана отырып сабақты үш тілде жүргізудің тиімділігі зор. Өнімді нәтиже беретін іскерлік ойындары: «Полиглот», «Кім тапқыр?», «Үздік тілші», «Кел, сайысайық!», «Тілдер сөйлейді» сынды тағы басқа ойындарды өткізудің үштілді меңгертудегі маңызы айрықша. Оқушыларды ойната отырып, үш тілде жүргізілген сөзжұмбақтар, анаграммалар олардың коммуникативтік құзыреттіліктері мен функционалдық сауаттылықтарын арттыруға негіз болады. Сондай-ақ, ақпараттық технологияны: электрондық оқулықтар, презентациялар, тест т.б түрлері оқушылардың қызығушылығын оятып, уақыттарын үнемдеуге, қосымша деректерді тиімді қолдануға түрткі болады. Шығармашылық жұмыстарға жетелейтін тапсырмаларды да оқушылар қызыға орындап, еркін аударма жұмыстарын жасауға дағдыланады. Мәселен, «Мақал-мәтелдердің үндестігі» салыстыру жұмысы оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты ұсынылып, сыныбына орай күрделеніліп отырады. Бұл тапсырмада мақал-мәтелдерді тақырып бойынша табу, үш тілде аудармасын ұсыну, үндестігін табу. Бұл жерде оқушылардың сөйлеу тілдері мен сауаттылықтарына назар аударылады. Ал осы тақырып бойынша қабілеті жоғары оқушыларға шығармашылық бағыттағы тапсырма «Мақал-мәтелдердің баламасын жаз» ұсынуға болады. Бұл жерде оқушылар өздері таңдаған тақырыпта үш-тілде мақал-мәтел ойлап, баламасын жазуға талаптанады.

Әдебиет пен тіл – рухани егіз пәндер болғандықтан, оларды бірге ала отырып жүргізген сабақтарда үштілділікті қолдану аясында оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін, зерттеушілік әрекеттерін дамытып, салыстыру, талдау, дәлелдеу сынды дағдыларын қалыптастыруға болады. Сондай-ақ, үндестіктерін табу, салыстыру жұмыстары оқушылардың қызығушылығын оятады. Шығармашылық бағыттағы тапсырмалар: модель, презентация, жоба құру сынды бағытта да тапсырмалар ұсынуға болады. Бұл жерде олардың ақпараттық құзіреттіліктерін дамыту көзделеді. Мәселен, қазақ және орыс әдебиеті сабағында ауыз әдебиеті тақырыбы бойынша оқушыларға «Ұлттық салт-дәстүрлер үндестігі» тақырыбында презентация жасау. Мұнда үш халықтың салт-дәстүрлерін салыстыра отырып, үш тілде еркін презентация арқылы қорғап шығу талап етілсе оқушы өз қабілетін көрсету үшін ұмтылады, ал ұмтылыс оны сөз жаттауға мәжбүр етеді Осындай біріктірілген іс-шараларжиі өткізіліп тұрса оқушы үш тілде еркін сөйлей бастағанын байқамай да қалады. Қорытындылай келгенде, болашақ жастарымыз өз тілін ардақтай отырып, заман талабы тудырып отырған үш тілде еркін сөйлеп, әлемнің кез-келген жерімен еркін байланысқа түсіп жатса еліміздің ертеңінің көркейте түсері сөзсіз.

Олай болса бүгінгі оқушыға ереңгі әлемдік кеңістікке қанат қағып, шет тілін меңгерсем деген мақсат арқалайтын жас ұрпаққа сәттілік тілейік.

**Эралиева З.Г.**
***«Приозерск қаласының № 1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ мұғалімі***

*Өзекті мәселе*

# НОТАРИУС ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ

1997-жылы «Нотариат туралы» Заң қабылданғаннан бері заңнамалық акт талай өзгерістер мен толықтыруларға ұшырағаны белгілі. Дегенмен, өз кәсіби қызметтерімізді адал және мінсіз атқарып келе жатқан біз – нотариустер 14-шілдені өзіміздің төл мерекеміз деп санаймыз. Адам баласының өміріне нотариустік қызмет енгелі бері бұл қызметтің мәртебесі төмендеген емес. Кез-келген қарапайым халық жылжитын және жылжымайтын мүліктер, көлік немесе тағы басқа өзіне тиесілі, жеке заттарын сату мен сатып алуда, өз иелігіндегі меншікті жақындарына немесе өзі қалаған бөгде адамға әлде мекеме, ұйымдарға аманат етіп қалдыруда, басқа да жағдайларда нотариустің қызметіне жүгінетіні анық. Нотариат даусыз азаматтық құқықтар мен заңдық нысандарды куәландыру жолымен жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін заң жүзінде бекітуге бағытталған нотариалдық іс-әрекеттерді орындайтын, заңдық тұрғыда бекітілген органдар жүйесі. Нотариат пен сот азаматтық іс айналымында заңдылықты алдын ала және істен кейін бақылаудың бірыңғай қызметін жүзеге асырады. Бірақ азаматтық іс жүргізуде құқық туралы дауды қарайтын соттан айырмашылығы, нотариат азаматтық құқықтарды заң жолымен бекітуге және олардың болашақта бұзылу мүмкіндігін алдын алуға бағытталған қызметтерді орындайды. Нотариат куәландырған шарт – мүдделі жақтың өз құқығын дәлелдеуін жеңілдетеді, өйткені шарттың нотариус ресми түрде белгілеп берген мазмұны, мәмілеге қатысушылардың қойған қолдарының ақиқаттылығы, мәміле жасаған жері, уақыты, өзге де жағдайлар нақты және бұлтартқысыз түпқұжат болып табылады.

Сондай-ақ нотариаттық іс-қимылды іске асыру аясында нотариустың жаңа міндеті – медиатор болуды енгізу, жеке нотариустердің орталықтандырылған мұрағаттарын жинау және сақтау, сондай-ақ нотариус көмекшісінің рөлі мен мәртебесін көтеру секілді нотариаттың өзекті мәселелері бүгінгі таңда өзекті болып отыр. Нотариат қызметі мәмілелерді куәландыру, мұрагерлік туралы куәлік пен құжаттар көшірмесін және олардан алынған үзінділердің дұрыстығы туралы куәлік ету, азаматтың тірі екендігін және құжаттардың түсіру уақытын куәландыру, жеке һәм заңды тұлғалардың арыздарын басқа жеке және заңды тұлғаларға табыс ету мен атқарушы жазбалар жасау секілді маңызды міндеттерден тұрады. Нотариус қызметін бақылау «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасындағы нотариат – бұл нотариаттық іс-әрекеттер жасау арқылы жеке, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін білікті заң көмегін көрсету жөніндегі құқықтық институт. Нотариустың құқықтарына тоқталатын болсақ, өзіне жүгінген жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне сәйкес ҚР «Нотариат туралы» Заңында және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде көзделген нотариаттық іс-әрекеттер жасауға, мәмілелердің, өтініштер мен басқа да құжаттардың жобаларын жасауға, құжаттардың көшірмелерін және олардың үзінділерін әзірлеуге, нотариаттық іс-әрекеттер жасау мәселелері бойынша консультациялар беруге, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, жеке және заңды тұлғалардан нотариаттық іс-әрекеттер жасауға қажетті құжаттар мен мәліметтерді талап етуге құқылы. Нотариустарға ғылыми, педагогтік және шығармашылық қызметпен айналысуға шектеу қойылмайды.

Нотариустың қызметі белгілі бір шектеулерге де ие екендігін айта кеткеніміз жөн. Мысалы нотариустарға кәсіпкерлік қызметпен айналысуға қатаң тыйым салынады. Сонымен қатар шарттарды жасасу, өзгерту және бұзу кезінде делдалдық қызмет көрсетуге рұқсат етілмейді. Өкілді органға депутат болып сайланған жағдайда нотариус өз міндеттерін тоқтата тұрады. Жекеше нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасамай өз міндеттерін орындауға жол берілмейді. Нотариустың мөрін оның лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңге аумақтық әділет органына тапсыруын қоспағанда, факсимилені пайдалануға және мөрін, электрондық цифрлық қолтаңбасын басқа адамға беруге құқығы жоқ. Жеке практикамен айналысатын нотариустың жалдама қызметкер ретінде еңбек қатынастарында болуға құқығы жоқ.

Нотариустың тікелей міндеттеріне мыналар кіреді: ҚР «Нотариат туралы» Заңы және ҚР нотариат қызметін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес нотариаттық іс-әрекеттер жасауға; азаматтарға және заңды тұлғаларға құқықтар мен міндеттерді түсіндіруге, олардың заңды білмегендігі өздеріне зиян келтіруге пайдаланылуы мүмкін болмауы үшін, жасалған нотариаттық іс-әрекеттерінің салдарлары жөнінде ескертуге; кәсіптік қызметін жүзеге асыруға байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді құпия ұстауға; ҚР заңдарына сәйкес келмейтін жағдайда нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан бас тартуға; кәсіптік әдепті сақтауға; әділет органына және нотариаттық палатаға өз іс-әрекеттеріне түскен шағымдар бойынша өзі жасаған нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтер, өзге құжаттар, ал қажет болған жағдайларда жеке түсініктемелер, оның ішінде кәсіптік әдеп талаптарын сақтамау мәселелері жөнінде түсініктемелер беруге; өз лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі қағидада көзделген тәртіппен іс жүргізуіндегі құжаттарды басқа нотариусқа беруге; өз лицензиясының қолданылуы тоқтатылған жағдайларда, сақтауындағы барлық нотариаттық құжаттарды жекеше нотариаттық мұрағатқа беруге; өз тегінің, атының, әкесінің атының және өз үй-жайы орналасқан жерінің өзгеруі жөніндегі мәліметтерді бір ай ішінде аумақтық әділет органына ұсынуға міндетті. Еліміздегі нотариустар заңнамаға сәйкес жекеше және мемлекеттік нотариустар деп бөлінеді. Бұл ретте атап өтерлік жайт, жекеше және мемлекеттік нотариустардың нотариаттық қызметті жүзеге асырған кездегі құқықтары, міндеттер тең болады. Мейлі мемлекеттік не жеке нотариус болсын, өзіне жүктелген міндетін адал атқарып, келушілерге сапалы қызмет көрсетуді басты орынға қоюы керек. Өзімнің біраз жылдық қызметімде нотариус қызметінің маңыздылығына көзім жетті және халықпен тығыз қарым-қатынаста болып, олардың мәселелерін шешуге атсалысқанымды мақтан етемін. Сөз соңында ҚР нотариатының заң жүзінде қызметін бастағанына 20 жыл толған мерейлі мерекемен өз әріптестерімді және қазақстандықтарды, қаламыз тұрғындарын шын жүректен құттықтап, аман-саулық, жұмыста жетістік, толағай табыстар, еліміздің тыныштығын және ауызбірлігін тілеймін!

**С.С.ҚАРАБЕКОВ,**
**Приозерск қаласының жеке нотариусы**

*Мемлекеттік қызметтің жаңа түрі*

# «МҮГЕДЕКТЕРДІ СУРДО-ТИФЛОТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МІНДЕТТІ ГИГИЕНАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ» СТАНДАРТЫНАН ҮЗІНДІ

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

құжаттардың топтамасын тіркеген сәттен бастап – 10 (он ) жұмыс күні;

2) құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут;

3)көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут.

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: мүгедектерге сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдар беру мерзімдері көрсетілген құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама.

Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – **www.mzsr.gov.kz** интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгінген кезде осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және мынадай құжаттарды ұсынады:

**сурдотехникалық құралдармен қамтамасыз ету бойынша:**

көрсетілетін қызметті алушының жә-не/немесе заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжат, мүгедек балалар үшін – жеке басын куәландыратын құжат, ата-аналарының (қамқоршысының, асырап алушысының) біреуінің жеке басын куәландыратын құжат;

2)кәмелеттік жасқа толмаған мүгедек балалар үшін – баланың туу туралы куәлігі;

3)мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасынан үзінді көшірме;

4)Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері үшін – Ұлы Отан соғысына қатысушы (мүгедек) куәлігі;

5)жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін – жеңілдікке құқығы туралы белгісі бар зейнеткерлік куәлігі;

6)бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектер үшін – зейнеткерлік куәлігінің көшірмесі;

7)Ұлы Отан соғысына қатысушы үшін – медициналық ұйымның дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындысы;

**тифлотехникалық құралдармен қамтамасыз ету бойынша:**

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасы;

**міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету бойынша:**

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

көрсетілетін қызметті алушының жә-не/немесе заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжат;

2)мүгедек балалар үшін – жеке басын куәландыратын құжат, ата-аналарының (қамқоршысының, асырап алушысының) біреуінің жеке басын куәландыратын құжат;

3)жеке сәйкестендіру нөмірі – жеке басын куәландыратын құжатта жеке сәйкестендіру нөмір болмаған жағдайда;

4)мүгедекті оң алтудың жеке бағдарламасынан үзінді көшірме;

5)«Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген нысан бойынша мүгедектігі туралы анықтама.

Салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқалары және көшірмелері ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет беруші басшысының атына беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, әкімдіктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

**Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі байланыс телефондары: 8 (71039) 5-49-40, 5-21-08.**

**Г. Байманасова,**
***жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы***

*Новый вид государственной услуги*

# ВЫПИСКА ИЗ СТАНДАРТА «ОБЕСПЕЧЕНИЕ ИНВАЛИДОВ СУРДО-ТИФЛОТЕХНИЧЕСКИМИ И ОБЯЗАТЕЛЬНЫМИ ГИГИЕНИЧЕСКИМИ СРЕДСТВАМИ»

Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляются через услугодателя.

Срок оказания государственной услуги:

1)с момента регистрации пакета документов – 10 (десять) рабочих дней;

2)максимально допустимое время ожидания для сдачи пакета документов – 30 минут;

3)максимально допустимое время обслуживания услугополучателя – 30 минут.

5.Форма оказания государственной услуги: бумажная.

Результат оказания государственной услуги: уведомление об оформлении документов с указанием сроков предоставления инвалидам сурдо-тифлотехнических и обязательных гигиенических средств.

Государственная услуга оказывается бесплатно физическим лицам (далее – услугополучатель).

График работы услугодателя – размещен на интернет-ресурсе **www.mzsr.gov.kz**, раздел «Государственные услуги»;

Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги: с 9.00 часов до 17.30 часов с перерывом на обед с 13.00 часов до 14.30 часов.

Государственная услуга оказывается в порядке очереди, без предварительной записи и ускоренного обслуживания.

Услугополучатель при обращении для оказания государственной услуги предоставляет заявление (далее – заявление) по форме согласно приложению к настоящему стандарту государственной услуги и следующие документы:

**по обеспечению сурдотехническими средствами:**

1)документ, удостоверяющий личность услугополучателя и/или законного представителя, для детей-инвалидов – документ, удостоверяющий личность, документ, удостоверяющий личность одного из родителей (опекунов, попечителей);

2)для несовершеннолетних детей инвалидов – свидетельство о рождении ребенка;

3)выписка из индивидуальной программы реабилитации инвалида;

4)для участников и инвалидов Великой Отечественной войны – удостоверение участника (инвалида) Великой Отечественной войны;

5)для лиц, приравненных по льготам и гарантиям к инвалидам Великой Отечественной войны – пенсионное удостоверение с отметкой о праве на льготы;

6)для инвалидов первой, второй, третьей групп – копия пенсионного удостоверения;

7)для участника Великой Отечественной войны – заключение врачебно-консультативной комиссии медицинской организации;

**по обеспечению тифлотехническими средствами заявление и следующие документы:**

1)индивидуальная программа реабилитации инвалида;

**по обеспечению обязательными гигиеническими средствами заявление и следующие документы:**

1)документ, удостоверяющий личность услугополучателя и/или законного представителя;

2)для детей-инвалидов – документ, удостоверяющий личность, документ, удостоверяющий личность одного из родителей (опекунов, попечителей);

3)индивидуальный идентификационный номер - в случае отсутствия индивидуального идентификационного номера в документе, удостоверяющем личность;

4)выписка из индивидуальной программы реабилитации инвалида;

5) справка об инвалидности по форме, утвержденной приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 30 января 2015 года № 44 «Об утверждении Правил проведения медико-социальной экспертизы» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных актов № 10589);

Документы представляются в подлинниках и копиях для сверки, после чего подлинники документов возвращаются услугополучателю.

Порядок обжалования решений, действий (бездействия) услугодателей и (или) его должностных лиц по вопросам оказания государственных услуг.

Обжалование решений, действий (бездействий) услугодателя и (или) его должностных лиц по вопросам оказания государственных услуг жалоба подается на имя руководителя услугодателя.

Жалоба подается в письменной форме по почте либо нарочно через канцелярию услугодателя.

Жалоба услугополучателя, поступившая в адрес услугодателя, акимата, подлежит рассмотрению в течение 5 (пять) рабочих дней со дня ее регистрации.

В случае несогласия с результатами оказанной государственной услуги услугополучатель обращается с жалобой в уполномоченный орган по оценке и контролю за качеством оказания государственных услуг.

В случаях несогласия с результатами оказанной государственной услуги, услугополучатель обращается в суд в порядке установленном законодательством Республики Казахстан.

**Контактные телефоны по вопросам оказания государственной услуги:**
**8 (71039) 5-49-40, 5-21-08 .**

**Г. Байманасова,**
***главный специалист отдела занятости и социальных программ города Приозерск***

*Религия - сфера духовности человека*

# ГОСУДАРСТВЕННО-РЕЛИГИОЗНЫЕ ОТНОШЕНИЯ В РК НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ: ПРОБЛЕМА И МОДЕРНИЗАЦИЯ

**Государственно-религиозные отношения приобрели в современном Казахстане особую актуальность. Значение государственно-религиозных отношений в пройденной истории и в наше огромное.**

Религия и государство - две сосуществующие с древности, как неотъемлемые элементы в жизни людей. Каждое из этих явлений имеет свои особенности: религия - сфера духовности человека, связанная с реальностью, вечной, не имеющй пределов и непостижимой. Религия затрагивает специфическую сакральную сторону его многогранной духовной жизни. Религиозность людей обусловлена верой в спасение от неизбежного, необходимости праведной жизни. Именно религия утверждает главных духовных ценностей, прежде всего о милосердии друг другу. Она призывает людей к добру, к праведной жизни, угодной богу.

Многое из того, что укрепляет обществен-ную мораль, нравственность и соответст-венно общественный порядок, как пока-зывает практика, зависит от уровня религиозности в обществе. Религия оказывает большую помощь государству в духовно-нравственном воспитании граждан высокой духовности. Государство является главным элементом политической системы. Это - политическое средство, которое в своей деятельности ориентировано на решение практических задач в жизни общества. Это - осуществление властных полномочий и суверенитета страны, организация общественной жизни, эконо-мики и социальной жизни, сфер образования и культуры. Созидательная мощь государства проявляется в его функциях, оказывающих влияние на все жизненноважные сферы общественной жизни. Таким образом, объективный характер исторического развития определяет тесную взаимосвязь религии и государства, характер, содержания и эволюцию их взаимно обусловленных отношений. Эти отношения в науке называют «**государственно-религиозными отношениями**». Они представляет собой в совокупности исторически складывающихся и изменяющихся многомерных связей и отношений в жизни конкретных обществ. Государственные и религиозные отношения в единстве выполняют важнейшую интегрирующую роль в рамках общественной системы.

**https://articlekz.com/article/**

Вниманию населения!

# ПАДЕНИЕ ИЗ ОКНА – ОДНА ИЗ САМЫХ ГЛАВНЫХ ПРИЧИН СМЕРТНОСТИ СРЕДИ ДЕТЕЙ

Падение из окна – является одной из самых главных причин детского травматизма и смертности, особенно в городах. Ребенок уязвим перед открытым окном и объяснением тому является естественная любознательность.

К сожалению, в последнее время мы все чаще становимся свидетелями череды несчастных случаев, связанных с детьми. Маленький ребенок, даже на несколько секунд оставленный без присмотра взрослых может выпасть из окна и получить травмы, нередко несовместимые с жизнью. И причина тому – невнимательность со стороны взрослого!

28 мая 2017 года в городе Темиртау ребенок 2013 года рождения оперевшись на москитную сетку, выпал из окна квартиры, расположенной на 6-ом этаже. Ребенка госпитализировали, на данный момент состояние оценивается как критическое.

29 мая текущего года в городе Караганда ребенок в возрасте четырех лет по неосторожности выпал из окна квартиры, расположенной на 6-ом этаже. Малыш не смог справиться с полученными травмами и скончался в медицинском учреждении.

Учитывая все вышеперечисленное и в целях предупреждения несчастных случаев с выпадением из окон отдел по ЧС г.Приозерск настоятельно рекомендует:

- не оставлять маленьких детей одних, ведь большинство случаев падения происходит тогда, когда родители оставляют детей без присмотра.

- отодвинуть от окон все виды мебели, чтобы ребенок не мог залезть на подоконник.

- НИКОГДА не рассчитывать на москитные сетки! Они не предназначены для защиты от падений! Напротив - москитная сетка способствует трагедии, ибо ребенок чувствует себя за ней в безопасности и опирается как на окно, так и на нее. Очень часто дети выпадают вместе с сетками.

-ставить на окна специальные фиксаторы, которые не позволяют ребенку открыть окно более чем на несколько сантиметров.

- если вы что-то показываете ребенку из окна - всегда крепко фиксируйте его, будьте готовы к резким движениям малыша, держите ладони сухими, не держите ребенка за одежду.

- если у вас нет возможности прямо сейчас установить фиксирующее или страховое устройство, вы легко можете просто открутить ручку окна, используя ее по мере необходимости и сразу вынимая после использования.

Будьте осторожны!

**Жадрасинова Т.К.,**
***И.о.начальника Отдела по ЧС г.Приозерск капитан гражданской защиты***

*Жазғы демалыс*

# «БАЛАУСАНЫҢ» АЙТАРЫ БАР

***«Спорт алаңдарын, балалар клубтарын, үйірмелерін, секцияларды, аула клубтарын, жазғы лагерлерді дамыту және қолжетімділігін арттыру, балама қозғалыстарды дамыту (велосипедтер, роликтер, стритбол, скейтбордтер және т.б.) арқылы балалардың, жасөспірімдердің, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз етуге ықпал ету». Н.Ә. Назарбаев.***



«Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» жоғарыда көрсетілген жарлығында айтылғандай, мектеп жанынан ашылған, «Балауса» жазғы демалыс лагері де жыл сайынғы жұмысын бастап кетті. Маусым айының 1 мен 29 аралығына дейін аз қамтылған және көп балалы отбасыларынан шыққан 40 балаға №2 ЖОББ мектептің «Балауса» лагері есігін айқара ашты. Мектеп - білім берумен қатар, тағылымды тәлім- тәрбие түрлерін ұйымдастыратын өнеге ордасы. Лагерьдің мақсаты мен міндеттері: білім беру және ойын-сауық қызметі, таза ауада серуендеу, спорттық ойындар, мәдени-ақпараттық іс-шаралар, экскурсиялар ұйымдастыру, үйірмелер, мен ұлттық ойындар ойнату.

Лагерь жетекшісі Ж.Купяшаров, тәлімгер Б.Жапенова, тәрбиешілер М. Давлятярова, А.Кибекова. Г.Жалғасбаева, Н.Қазангапова, мектеп психологы Р.Қасымова, әлеуметтік педагог Д.Байгужина, дене тәрбиесінің мұғалімі С.Таусоғаров және медбике Р.Абуева, балалардың әр күні қызықты өтуі үшін жұмыстарына жұмыла кірісіп кетті. Мұнда, танымдық ойындар мен спорттық жарыстарға белсене қатысып, ән айтып, қаламыздың әсем жерлеріне саяхатқа барып, көптеген сайыстарға қатысып өздерінің кішкентай болсада жетістіктерін көрсетуде. Атап айтсақ, «Кел, балалар оқылық!», «Менің Отаным-Қазақстан» «Ертегілер еліне саяхат», «Кел, балалар оқылық», «Балқаш көліне саяхат», «Қазақтың ұлттық ойындары», «Кім болам», «Достық күні», «Су біздің досымыз», «Көңілді старт» , «Патриоттық тәрбие», «Астана күні» т.б., сондай-ақ қаламыздың әсем жерлері: «Приозерск қаласының қалалық кітапханасы», «Приозерск қаласының №47 өрт сөндіру бөлімі», «Приозерск қаласының жедел құтқару жасағы», «Приозерск қаласының №44841 әскери бөлімі», «Әскери мұражай», «Приозерск қаласының «Достық» балалар –жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК экскурсия жасалуда. Лагерь демалушылары Даниель мен Үкілімай өз қуаныштарын былай жеткізді:

Даниель: - Мен лагерьде дос болуды үйрендім... Маған лагерь өте ұнайды. Достарым да көбейді. Қазақша көп сөздер үйреніп келемін, әсіресе қазақша әндер айтқан ұнайды. Аспаздарымыз дәмді тағамдар дайындап, үш уақыт ас береді. Ас мәзірінде жеміс-жидек, сусындар мен тәтті тоқаштар да бар.



Үкілімай: -Достарыммен ән айтамыз, би билейміз, түрлі ойындар ойнаймыз. Лагерьге қалмай келіп жүрмін. Мұнда мұғалімдер де жақсы, қаламыздың әсем жерлерін аралатып, таныстырады. Ертеңгілік лагерьге келуге асығып тұрамын.

**Б.С. Жапенова,**
***«Балауса» лагерінің тәлімгері***




*Из зала суда*

# ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА УГОЛОВНЫЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯ ПРОТИВ ЗДОРОВЬЯ НАСЕЛЕНИЯ И НРАВСТВЕННОСТИ

Главой 11 Уголовного кодекса Республики Казахстан предусмотрено ответственность за уголовные правонарушения против здоровья населения и нравственности.

Хочу остановится на незаконном обращении с наркотическими средствами, психотропными веществами, их аналогами, прекурсорами без цели сбыта, как одного из вида распространенных преступлений. В части 2 статьи 296 УК РК предусмотрена ответственность непосредственно за незаконные изготовление, переработка, приобретение, хранение, перевозка без цели сбыта наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов, прекурсоров. За данное уголовное правонарушение, согласно статьи, предусмотрен штраф в размере до двухсот месячных расчетных показателей либо привлечения к исправительным работам в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до ста восьмидесяти часов, либо арестом на срок до шестидесяти суток.

Так, 18-апреля 2017 года Приозерским городским судом рассмотрено уголовное дело в отношении гражданина “А”, по статье 296 части 2 Уголовного кодекса Республики Казахстан. Судом установлено, что гражданин “А” совершил уголовный проступок, то есть незаконное приобретение и хранение без цели сбыта небольшой размер наркотических средств и его действия были правильно квалифицированы по ч.2 ст.296 УК РК также, что нашло свое полное подтверждение в главном судебном заседании. Приговором суда гражданин “А” был признан виновным в совершении уголовного проступка, предусмотренного частью 2 статьи 296 Уголовного кодекса Республики Казахстан и по этой статье ему назначено наказание в виде привлечения к общественным работам сроком на 90 (девяносто) часов.

**Ж.Н. Абдукадирова,**
***главный специалист Приозерского городского суда, секретарь судебного заседания***

*Спорт*

# ОРАЗА РЕКОРДАМ НЕ ПОМЕХА!

**На протяжении всего месяца Рамадан, вёл подготовку к предстоящим соревнованиям по дисциплине "жим штанги лежа" мастер спорта международного класса Алмаз Караман, руководитель городского фитнес-центра.**



Жим лежа - это его коронное упражнение, в котором на этой неделе ему покорился вес 170 килограмм, и это при его собственном весе чуть более 71-го килограмма!

На протяжении месяца он, как верующий мусульманин, соблюдал строгий пост, в течение всего дня воздерживаясь от питья и еды, при этом продолжал силовые тренировки.

Сам спортсмен утверждает что это не предел его возможностей, и продолжает свою подготовку к Чемпионату Республики Казахстан, проведение которого намечено на второе июля текущего года в городе Семей Восточно-Казахстанской области.

К слову сказать, в нашем городе подобралась команда чемпионов республики по этому виду спорта среди ветеранов, Салават Фаттахов, Давид Кожахметов, которая, мотивированная убедительным примером, также готовится к предстоящим соревнованиям под руководством тренера.

В случае решения вопроса финансовой поддержки, на участие в республиканском Чемпионате в городе Семей, от нашего города готовы выступить 10 спортсменов, в том числе женщины - Матусевич Марина и Кошанова Бахытгуль.

Надеемся также, увидеть выступления наших спортсменов и в дни празднования Дня города в июле месяце.

**Илья Струментов**

# РАСПИСАНИЕ ДВИЖЕНИЯ ПАССАЖИРСКИХ ПОЕЗДОВ ПО СТ.САРЫШАГАН



| № п/п | Сообщение | Приб. | Ст. | Отпр. | Дни следован |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Алматы-2-Астана | 15.33 | 10 | 15.43 | ежедневно |
| 4 | Астана-Алматы-2 | 16.13 | 10 | 16.23 | ежедневно |
| 9 | Алматы-2-Астана | 06.28 | 15 | 06.43 | ежедневно |
| 10 | Астана-Алматы-2 | 08.52 | 15 | 09.07 | ежедневно |
| 15 | Алматы-2-Петропавловск | 03.51 | 15 | 04.06 | четным |
| 16 | Петропавловск-Алматы-2 | 20.50 | 20 | 21.10 | нечетным |
| 43 | Алматы-1-Костанай | 05.49 | 15 | 06.04 | ежедневно |
| 44 | Костанай-Алматы-1 | 22.52 | 15 | 23.07 | ежедневно |
| 55 | Кокшетау-Кызылорда | 09.58 | 20 | 10.18 | ежедневно |
| 56 | Кызылорда-Кокшетау | 20.00 | 17 | 20.17 | ежедневно |
| 75 | Кызылорда-Астана | 21.41 | 15 | 21.56 | нечетный |
| 76 | Астана-Кызылорда | 12.22 | 18 | 12.40 | нечетный |
| 85 | Астана-Сарыагаш | 17.39 | 15 | 17.54 | ежедневно |
| 86 | Сарыагач-Астана | 08.02 | 20 | 08.22 | ежедневно |
| 231 | Алматы2 Астана | 23.17 | 15 | 23.32 | ежедневно |
| 232 | Астана Алматы2 | 23.14 | 16 | 23.30 | ежедневно |
| 241 | Алматы2 Астана | 22.04 | 15 | 22.19 | четным |
| 242 | Астана Алматы2 | 19.52 | 15 | 20.07 | нечетным |
| 303 | Алматы-2-Свердловск | 04.52 | 15 | 05.07 | вторник |
| 304 | Свердловск-Алматы-2 | 08.02 | 15 | 08.17 | пятница |
| 305 | Свердловск-Бишкек | 08.02 | 15 | 08.17 | понедельник |
| 306 | Бишкек-Свердловск | 04.52 | 15 | 05.07 | пятница |
| 315 | Ташкент-Свердловск | 04.52 | 15 | 05.07 | среда |
| 316 | Свердловск-Ташкент | 08.02 | 15 | 08.17 | воскресенье |
| 373 | Алматы-2-Жезказган | 13.17 | 20 | 13.37 | пн.чт. |
| 374 | Жезказган-Алматы-2 | 01.55 | 15 | 02.10 | ср.сб. |

*источник: сайт "Казахстан темир жолы" (по состоянию на 23.06.2017г.)*

## НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

**открыто после смерти Улмахановой Тойман, умершей 01 февраля 2017 года. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б., по адресу: ул.Кисунько, 1-Б, тел. 8-775-162-70-05**

## ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

### РАЗНОЕ

**ПРОДАМ**

**Моно-колесо фирмы CXM (Китай), б/у (первый владелец), в пользовании 1 месяц. В комплекте шнур зарядного устройства. АКБ держит 2-3 (есть световой индикатор), в покое - до 1,5 мес. Голосовое информирование при включении светодиодов и подключении USB-устройств. Скорость - до 15 км/час. Пробег до 100 км. Цена договорная. Заинтересованных лиц просьба звонить по телефону 8-707-20-40-260**




# ИНФОГРАФИКА В ПОМОЩЬ




## ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

### УСЛУГИ

**Натяжные потолки, быстро и качественно. Тел. 87026988613, Мади**

### АВТОЗАПЧАСТИ

**Продам**

**Блок-фара** на МАЗДА-626 (переходка), левая, б\у, телефон: **8707 204 02 60**

### ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

**Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру. Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107, телефон: 5-50-81 Время работы: с 10.00 час. до 19.00час. Выходной - Понедельник На маникюр и педикюр запись по телефону: 8-771-699-32-89**




**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-107.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 25/513. Тираж: 500 экз., объем-2 п.л., формат - А2, 8 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**

*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*